

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2015 жылдың 10 қарашасындағы
№ 125 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2015 жылдың 10 қарашасынан бастап
қолданыста енгізілді

Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу ӘДІСТЕМЕСІ

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) шетел валюталары нарығының индикаторлар тізімін және оларды есептеу тәртібін анықтайды.

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді, Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған, түсініктер қолданылған.
2. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін:
 - 1) шетел валюталары деп, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттығы өткізілетін, шетел валюталарын түсіну керек;
 - 2) мәміле деп, Биржа өткізетін сауда-саттықтарда жасалған мәмілелерді түсіну керек.
3. Биржа шетел валюталары нарығының мынадай индикаторларын есептейді:
 - 1) таңертеңгілік сессияның нәтижелері бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамы;
 - 2) таңертеңгілік және күндізгі сессиялардың нәтижелері бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамы.
4. Осы Әдістемеді қолданылған терминдер Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, Биржаның хат-хабарында және биржалық ақпараттарда қолданылуы мүмкін.
5. Осы Әдістемеге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар, осы өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын, Биржаның интернет-ресурсында орналастырылуы (жариялануы) тиіс.

2 ТАРАУ. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

6. Осы Әдістеменің 10-13 тармақтарына сәйкес күнделікті жұмыс күндері¹ шетел валюталары нарығының индикаторлары есептеледі.
7. Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептегенде:
 - 1) валюталық своп операцияларына жататын (Биржада бар ақпараттар бойынша) мәмілелердің параметрлері қолданылмайды;
 - 2) ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелердің ғана параметрлері қолданылады.
8. Егер сауда-саттық күн барысында, шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеуге параметрлері қажет, шетел валюталарымен мәмілелер жасалмаса, осы индикатор бұл күні есептелмейді, ал қолданыста осы индикатордың соңғы есептелген мәні болады.
9. Шетел валюталары нарығының индикаторларының мәні тиісті нарықтың объективті сипаттамаларына пара-пар болуын қамтамасыз ету мақсатында осы мәндер Индекстер мен бағалы қағаздардың бағалаулары комитетімен түзетілуі мүмкін. Осындай түзетудің шарттары мен тәртібі осы Әдістеменің 3 тарауында анықталған.
10. Осы Әдістеменің 3 тармағында белгіленген, шетел валюталары нарығы индикаторларының мәнін есептеу тиісінше таңертеңгілік және күндізгі сессиялар аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.
11. Шетел валюталары нарығының индикаторы ретінде АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамын есептегенде, осы Әдістеменің 7 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып және осы сауда-саттық сессияларында АҚШ долларының қандай есептесу мерзімімен саудаланғанына

¹ Жұмыс күн деп Қазақстан Республикасында жұмыс күн деп саналатын күндерді түсіну керек.

қарамастан, тиісті сауда-саттық сессияларының АҚШ долларымен жасалған мәмілелердің параметрлері ғана қолданылады.

12. Шетел валюталары нарығының индикаторы ретінде АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған мәні мынадай формуламен есептеледі:

$$R_d = \sum_{i=1}^n (V_i \times R_i) / \sum_{i=1}^n V_i, \text{ мұнда}$$

R_d – АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамы бір АҚШ долларына қазақстандық теңгемен;

n – таңертеңгілік сауда-саттық сессиясында (таңертеңгілік сессияның нәтижелері бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамын есептеу үшін) және таңертеңгілік және күндізгі сауда-саттық сессияларында (таңертеңгілік және күндізгі сессиялардың нәтижелері бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамын есептеу үшін) жасалған, АҚШ долларын сатып алу-сату мәмілелерінің саны;

V_i – АҚШ долларымен i -лік мәміленің көлемі;

R_i – бір АҚШ долларына теңгемен i -лік мәміленің бағасы.

13. Жариялау үшін индикаторлардың мәні математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі цифрлар нөлге дейін, ал бестен жоғары цифрлар онға дейін көбейтіледі), үтірдек кейінгі екі таңбаға дейін дөңгелектенеді.

3 ТАРАУ. ИНДЕКСТЕР ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БАҒАЛАУЛАРЫ КОМИТЕТІНІҢ ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ АЙРЫҚША ӨКІЛДІЛІГІ

14. Индекстер және бағалы қағаздардың бағалаулары комитетінің пікірі бойынша шетел валюталары нарығы индикаторларының мәніне негізсіз ықпал ететін (ықпал еткен) мәмілелердің параметрлерін (мысалы, орындалмаған мәмілелер; жасалған кезде сауда-саттыққа қатысушылар техникалық қателер жіберген, мәмілелер; тиісті шетел валюталарының нарықтық жағдайы және/немесе нарықтық бағаларының динамикасымен диссонансқа ұшарайтын, соның негізінде олардың айла-шарғы жасау мақсаттылығын тұспалдауға мүмкіндік беретір, мәмілелер) Индекстер және бағалы қағаздардың бағалаулары комитеті түзетуге құқылы.

Индекстер және бағалы қағаздардың бағалаулары комитеті шетел валюталары нарығының қандай да бір индикаторын есептеуден қандай да бір мәміленің (қандай да бір мәмілелердің) параметрлерін алып тастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы индикаторды қайта есептеу дереу жүзеге асырылады.

15. Индекстер және бағалы қағаздардың бағалаулары комитеті осы Өдістеменің 14 тармағына сәйкес өзінің айрықша өкілеттігін пайдаланған жағдайда, оның отырыс хаттамасында осы өкілеттілікті пайдалану себептері және осы өкілеттілікке байланысты жасаған әрекеттері көрсетілуі тиіс.